

## Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 26 тамыздағы № 437 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 19 қыркүйекте № 3850 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 26 сәуірдегі № 106 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қаласы әкімдігінің 26.04.2017 № 106 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 2-тармағына, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабының 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Кентау қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының 1, 2, 3-қосымшаларына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімі орынбасары Р.Мыңбаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Кентау қаласының әкімі*

*Ә. Мақұлбаев*

Кентау қаласы әкімдігінің  
2016 жылғы 26 тамыздағы  
№ 437 қаулысына 1 қосымша

## Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы

№	Қала атауы	Мектепке дейінгі мекемелердегі орын саны	Оның ішінде	
			республикалық бюджет есебінен	жергілікті бюджет есебінен
1	Кентау қаласы	4068	2435	1633

Кентау қаласы әкімдігінің  
2016 жылғы 26 тамыздағы  
№ 437 қаулысына 2 қосымша

## Жан басына шаққандағы қаржыландырудың мөлшері

Айына бір тәрбиеленушіге кететін орташа шығыс, теңге	
Бөбекжай-балабақша	Мектеп жанындағы шағын орталық
20399	14908

Кентау қаласы әкімдігінің  
2016 жылғы 26 тамыздағы  
№ 437 қаулысына 3 қосымша

## Ата-ананың ақы төлеу мөлшері

Барлығы	3 жасқа дейінгі күніне бір баланың тамағына шығын, теңге (көп емес)	3-7 жас аралығындағы күніне бір баланың тамағына шығын, теңге (көп емес)
	291,00	357,00

Ескертпе: 1 күніне бір балаға жас ерекшелігіне қарай кететін шығын. Нақты жұмыс күніне есептелген.